

**ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ
НӘТИЖЕСІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Алға мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)**

2025 жыл

Жыл сайын өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуге негіздеме:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңының 59-бабы, 4-1 бөлімі.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алға мектеп-гимназиясы» КММ директорының 2025 жылғы 16 мамырдағы №01-07/165-1 бұйрығы негізінде 16 мамыр – 16 маусым аралығында өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия құрылды.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1. Есенова Гульмира Абдигалиевна – комиссия төрағасы
2. Успанова Салтанат Темирәлиевна – комиссия мүшесі
3. Ожанова Римма Жангазиевна – комиссия мүшесі
4. Сегізбаева Гулназ Жайлхановна – комиссия мүшесі
5. Куандыкова Гулсан Алғабаевна – комиссия мүшесі
6. Кушекбаева Мира Сериковна – комиссия мүшесі
7. Матжанов Асқат Кабижанович – комиссия мүшесі

Өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымына бағалау жүргізді, білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жасалды.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.

1) Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алға мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы): Қазақстан, Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы, Байтұрсынов көшесі, 42 ғимарат

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт).

Анықтама телефондары: **8 (71337) 7-03-01**

Электрондық пошта: algamektepgimnazia@mail.kz

Web-сайт: algamg.edu.kz

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі).

Мектеп директоры Есенова Гульмира Абдигалиевна

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі).

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2024 жылғы 15 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 25.08.2018 жыл, БСН - 180840026730. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мемлекеттік мекеменің жарғысы «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 1 желтоқсанындағы № К-254 бұйрығымен бекітілген.

6) Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 25.01.2021 жылы № KZ71RVK00027242 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 21.01.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ62LAA00019746 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

I. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау;

Талдау нәтижелері:

1. Кадрлық құрамға талдау.

Әкімшіліктің негізгі жұмысының бірі кадрлардың құрамын бекіту және олармен сапалы жұмыс жүргізу. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және ұйымның жарғысына сәйкес басшы педагогикалық кадрларды еңбек шарты бойынша қабылдайды. Оқыту - тәрбиелеу үрдісін сапалы жүргізу мақсатында балабақша барлық педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген.

Қазіргі қолданыстағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы бойынша да педагогтар штаттарының бірліктері өзгермеген. Балабақша штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлар 100% қамтамасыз етілген. Оқу жүктемелері мектепке дейінгі ұйымның нормасына сәйкес.

Білімі мен мамандығы бойынша:

«Алға мектеп-гимназиясы» КММ-де мектепалды даярлық тобының 3 қазақ тілді топтарында 3 тәрбиеші жұмыс жасайды. Орақова Лаура Тельманқызы, Смағұл Айдана, Ұзақбаева Нұрсая Тимурқызы. 3 тәрбиешінің 1-ң білімі арнаулы орта, 2-уі жоғары білімді.

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Жоғары білімді	Оның ішінде, мектепке дейінгі жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Оның ішінде, мектепке дейінгі арнаулы орта білімді	Педагогикалық білімі жоқ
2024-2025	3	2	2	1	1	0

Біліктілік санаттары бойынша:

Қағиданың 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген. Осыған орай, педагогтардың барлығы санаттарын көтеруге жұмыстанған.

Біліктілік санаты бойынша мінездеме:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	I	II	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ
2024-2025	3						2	1

Атап көрсетер болсақ,

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Лауазымы, оқытылатын пәні	Санат, берілген күні, санат беру туралы бұйрық нөмірі
1	Орақова Лаура Тельманқызы	Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі	01.07.2021ж №1-51
2	Ұзақбаева Нұрсая Тимурқызы	Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі	25.05.2022ж №1-51

Санаты жоқ 1 педагогтың біліктілігін көтермеу себебін дәлелді деп тануға болады.

Қағиданың 24 тармағы орындалған. 2 педагог кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырған.

Бағалау: Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтардың үлесі – 100%

Біліктілік арттыру курсынан өтуі бойынша

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтарының үлесі – 100%

Атап көрсетер болсақ,

1	Орақова Лаура Тельманқызы	2020ж. «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру, білім беру бағдарламасы. 2024ж. Баланы ерте дамыту бағдары.	«Педагогикалық шеберлік орталығы»
---	---------------------------	---	-----------------------------------

2	Ұзақбаева Нұрсая Тимурқызы	2023ж. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	«Өрлеу» БАҰО» АҚ
3	Смағұл Айдана Абатқызы	2022ж. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	«Өрлеу» БАҰО» АҚ

Бағалау: Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтарының үлесі – 100%

Медициналық тексеруден өткені туралы:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кітапшаның болуы) * (рұқсат беру мерзімі)
1	Орақова Лаура Тельманқызы	11.07.2024ж
2	Абиева Гулжанат Беркалиевна	11.08.2024ж
3	Ұзақбаева Нұрсая Тимурқызы	23.08.2024ж

Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету. Қағиданың 1 тарауының 9 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету.

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады» деп көрсетілген. Әдістемелік ұсынымдардың 4 қосымшасына сәйкес мектепалды сыныптар жабдықтар мен жиһаздармен толықтай қамтамасыз етілген. Бұл Қағиданың 1 тарауының 9 тармағы талабына сәйкес.

Бағалау: Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы 100%.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау .

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау «Алға мектеп-гимназиясында» қолайлы жағдай жасалған. Мектептің алдында мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері мен бастауыш сынып білім алушыларының кіре берісінде пандуспен жағдай жасалған.

Бағалау: Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау 100 %.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен камтамасыз ету жағдайы

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры әдістемелік ұсынымның 5-косымшасына сәйкес ұсынылған. Мектеп директоры тарапынан бекітілген педагогтардың әзірлеген әдістемелік құралдарының тізімі мен педагогтардың әдістемелік кешендері ұсынылды.

Педагогтардың әзірлеген әдістемелік құралдарының тізімі:

№	Аты-жөні	Тақырыбы	Жылы
1	Орақова Лаура Тельманқызы	«Дидактикалық ойындар»	2021ж
2	Орақова Лаура Тельманқызы	«Экология және балалар»	2021ж

Педагогтардың әдістемелік кешендері тізімі бойынша:

№	Т.А.Ә	Мерзімі	Басылым	Жұмыс атауы
1	Орақова Лаура Тельманқызы	2024ж, қаңтар айы	«Үздік қалам» республикалық ғылыми-танымдық әдістемелік журналы	Үу дыбысы мен әрпі

Мектеп кітапхана қорында келесі кітаптар көрсетілген:

№	Кітаптың атауы	Авторы	Дана
1	Көркем әдебиет (№1,2 жұмыс дәптері)	Ә.С.Әмірова, К.Анартаева	50
2	Сауат ашу негіздері (№1,2 жұмыс дәптері)	Г.Ж.Тұрсынбаева	50
3	Жапсыру. Үлестірмелі материалдар	М.Қ.Нүсіпәлиева, Қ.Қ.Күлпейісова	50

4	Математика негіздері (№1,2 жұмыс дәптері)	Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедова, Ф.Б.Кинжибаева	50
5	Қоршаған ортамен таныстыру (жұмыс дәптері)	С.З.Сағиева	50
6	Сауат ашу негіздері. Үлестірмелі материалдар	Г.Ж.Тұрсынбаева	50
7	Мүсіндеу. Үлестірмелі материалдар	А.Т.Таутанова, А.Т.Бүрлібаева	50
8	Сурет салу. Үлестірмелі материалдар	Ф.Н.Жұмабекова	50
9	Сөйлеуді дамыту. Үлестірмелі материалдар	Г.Ж.Тұрсынбаева, Қ.І.Үкібас	50
10	Құрастыру. Альбом	Ф.Н.Жұмабекова, А.А.Ойшыбаева	50

Алға мектеп-гимназиясында» мектепалды сыныптардың оқу-әдістемелік кешендермен толықтай қамтылған. Балабақша оқу әдістемелік кешендермен қамтылуы туралы әдістемелік ұсынымдарға арналған 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер ұсынылды.

Бағалау: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету 100%.

Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)

Тәрбиеленушілер контингенті бойынша «Алға мектеп-гимназиясында» 2024-2025 оқу жылдарында 3 мектепалды сыныптар бар. «Алға мектеп-гимназиясы» КММ директоры тарапынан бекітілген тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы кестесіндегі топтардың жалпы бала саны көрсетілген. 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиеленушілер саны Қағидаға сай . Атап айтар болсақ,

Оқу жылдары	«А»	«Ә»	«Б»
2024-2025	24	22	20

Қорытынды

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1 тарауының 7 тармағы орындалған. 1 тарауының 9 тармағы орындалған. Қағиданың 2 тарауының 21 тармағына сәйкес.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1 тарауының 7 тармағы орындалған, 1 тарауының 9 тармағы талабы толық орындалған: 4-косымшаға сәйкес мәлімет ұсынылған.

Қағиданың 2 тарауының 21 тармағына сәйкес келеді, өйткені бекітілген штаттық кесте ұсынылған. Қағиданың 22 тармағы талабына сәйкес келеді. Қағиданың 25 тармағына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» қосымшасының 2 тарауының 4 тармағының 1 тармақшасының талаптарына сәйкес.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 37 бабының 4 тармағы талабы орындалмаған. Әдістемелік ұсынымның 5 косымшасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу әдістемелік кешендермен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген, бұдан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығының Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендер тізбесіне толық сәйкес келеді.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Талдау нәтижелері: Алға мектеп - гимназиясы 2024-2025 оқу жылында болған тәрбиеленушілердің жеке даму карталары толық ұсынылған. Оқу жылдары барысында әр тәрбиеленушінің жеке даму карталары жүргізілген. Оқу жылында мектепалды сыныптарының тәрбиеленушілерінің даму жоспарларының (карталарының) жұмыстары толық ұсынылған, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелерінде «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды калыптастыру дағдылары бойынша бастапқы, аралық мониторингтен кейін мектепалды сыныбындағы барлық тәрбиеленушімен жоспарланған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарты» № 348 бұйрығының 1 – қосымшасының 2 тарауының 6 тармағына сәйкес келеді.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылы бойынша тәрбиеленушілердің дамуының бастапқы мониторингін және нәтижелерін ұсынған. Бастапқы мониторинг бақылау парақтарындағы дискриптормен берілген индикаторлары (сұрақтары) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының Ғылыми әдістемелік кеңесінде қаралып, 2020 жылғы 28 қыркүйектегі №5 хаттамамен қолдануға ұсынылған «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің» әдістемелік ұсынымдарына (мұнда әдістемелік ұсыным Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы) (бұдан әрі Үлгілік бағдарламаға негізделген) сәйкес келеді.

Берілген мектеп директорының орынбасарының жиынтық есебі бойынша:

Топ атауы (жас тобын көрсетіңіз)	Топтағы бала саны	Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы %		
		I	II	III
Барлығы:	66	Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі 0%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 9,4%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 56,6%

ҚОРЫТЫНДЫ: Бағалау кезеңі бойынша қорытынды мониторинг құжаттары ұсынылған. Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығының 1 қосымшасының 3 тарауы 20 тармағы талабы орындалған.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар

Талдау нәтижелері: Балалар білім беру ұйымына 5 жастан бастап қабылданған. Атап айтар болсақ,

		Соның ішінде	Ескерту
--	--	--------------	---------

Оқу жылдары	Мектеп-алды даярлық тобындағы балалар саны	5 жасарлар	6 жасарлар	7 жасарлар	
2024-2025	66	4	58	4	

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 348 бұйрығының қосымшасының 4 тарауының 25 тармақ талаптарына сәйкес келеді.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерін сақтау

Талдау нәтижелері: Балабақша тәрбиеленушілері мен мектепалды сыныптарын зерделеу үшін тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО Үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптары орындалған. Бағалау кезеңі бойынша үш оқу жылына арналған тәрбиеленушілер тізімдері 3 қосымшаға сәйкес ұсынылған. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі-1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығының 1-қосымшасының 4-тарауының 26-тармағы талабына сәйкес.

**II. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің
жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

**12. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП,
БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ
МАЗМҰНЫНА ӨЛШЕМШАРТТАР**

12.1 Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі ҮОЖ) сәйкестігі;

Мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету жыл сайын тиісті оқу жылының нұсқаулық - әдістемелік хатындағы құжаттар тізбесі негізінде жүзеге асырылады. Жұмыс оқу жоспарлары үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. Жұмыс оқу жоспарларында инвариативті және вариативті компоненттердің апталық және жылдық жүктемесі бар білім беру салалары мен оқу пәндері көрсетілген. Жұмыс оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңестің отырысында талқыланады.

2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 ж. № 27; 26.10.2023 ж. №323 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы.

- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2024 жылғы 10 маусымдағы №2 хаттама). «2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 113 б. № 01-1/449 от 02.07.2024.

-27.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен таңдалды: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін **1-4 сыныптарда** ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығының 6- қосымшасы, қазақ тілінде жүргізілетін гимназия 1-4 сыныптарда ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығының 9- қосымшасы,

оқыту қазақ тілінде жүргізілетін **5-9 сыныптарда** ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 жылғы № 323 бұйрығының 16-қосымшасы, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия 5-9 сыныптарда 26.10.2023 жылғы № 323 бұйрығының 19-қосымшасы,

оқыту қазақ тілінде жүргізілетін **10-11 сыныптарда** ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығының 22-қосымшасы, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия 10-11 сыныптарда ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығының 27-қосымшасы.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту деңгейін арттыру, түлектердің кәсіби дайындығын, өмірлік өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ету, мүдделерді іске асыру, әлеуметтік қауіпсіздік қажеттілігі және бүкіл қоғам шеңберінде әлеуметтік-мәдени үдерістерге қосу міндеті тұр.

Инклюзивті оқыту үшін оқу жоспары 1,2,3,4,5,7,9 – ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығының 6- қосымшасы, ҚР Оқу-ағарту

министрінің 26.10.2023 жылғы № 323 бұйрығының 16- қосымшалары негізінде жасалынды

Үйден оқыту үшін оқу жоспары

- 2 – сынып оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 53-қосымша
- 4 – сынып оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығының 4- қосымша, 11 -тарау
- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-9- сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазан №323 бұйрығына 55 – қосымша негізінде жасалынды.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Алға мектеп - гимназиясы» КММ 2024 - 2025 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары базалық пәндер бойынша орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындайды. Оқу жүктемесінің нормалары санитариялық-гигиеналық талаптардан аспайды және «білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №е 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі — ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2024 - 2025 оқу жылының барлық оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары қаралды. Инвариантты компонент пәндерінің күнтізбелік тақырыптарын жоспарлауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бекіту туралы» үлгілік оқыту бағдарламалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199

бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) басшылыққа алынған.

Инварианттың компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру мектепте сақталған, электронды журналға оқу пәндерінің бағдарламалары талапқа сәйкес толтырылған, сағат сандары үлгілік оқу жоспарына сәйкес орындалған. Барлық инварианттық пәндердің күнтізбелік - тақырыптық жоспарлары «BilimClass» электронды журналына толтырылды.

Пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 1 - сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген.

Мектептің оқу жылы бойынша білім және үлгерім сапасын төмендегі кестеден көруге болады:

Тоқсан	Сыныптар			Білім сапасы
	2-4	5-9	10-11	
1 – тоқсан	65,3%	51,6%	51%	56,8%
2-тоқсан	65,6%	55,2%	56%	59,2%
3 -тоқсан	64,6%	56,4%	54,5%	59,4%
4- тоқсан	64%	57,7%	53,8%	59,8%
Жылдық	65%	55,2%	53,8%	62,3%

1-4 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасы

№	Пән	Білім сапасы
1	Ағылшын тілі	80,6%
2	Математика	79,5%
3	Қазақ тілі	80,3%
4	Әдебиеттік оқу	83,3%
5	Орыс тілі	78,6%
6	Жаратылыстану	83,7%

9-11 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасы

№	Пән	Білім сапасы
1	Қазақ тілі	76%
2	Қазақ әдебиеті	79%
3	Алгебра	68,2%
4	Геометрия	67%
5	Математика	73%
6	Орыс тілі	77,4%
7	Ағылшын тілі	77%
8	Қазақстан тарихы	78%
9	Дүниежүзі тарихы	81,5%
10	Информатика	97%

11	Физика	67%
12	Химия	60%
13	Биология	70%
14	География	84%
15	Құқық негіздері	79,5%

2024 – 2025 оқу жылында жыл қорытындысы бойынша білім сапасы – 63,1 %, үлгерім – 100 %. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігі анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2 - тарау 10-24-тармақ, 3 - қосымша 2 - тарау 11, 22 – 37 - тармақ, 4 - қосымша 2 - тарау 22 – 28 - тармаққа сәйкес келеді.

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және Оқу ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында мектептің және класс жетекшілердің жұмыс жоспары жасақталып, мектеп директорымен бекітілген. Бағдарлама мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде атап өткен негізгі құндылықтарға сәйкес құрастырылған. Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды. Құндылықтардың білім, білік және дағды түрінде ұсынылған жүйесі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда және сынып сағаттарын жоспарлауда қолданылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі 2024 жылғы 18 қыркүйектегі «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сабақтар енгізу туралы №263 бұйрығына сәйкес, әр сынып сағатының соңында 10 минут көлемінде білім алушының жеке қауіпсіздігіне уақыт бөлінген.

Мектептің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 6 құндылыққа негізделген.

Тәуелсіздік және отаншылдық құндылығы бойынша «Тілім менің ғасырларға аманат» А.Байтұрсыновтың туған күніне орай сыныптан тыс іс-шара, мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылған.

Бірлік және ынтымақ құндылығы бойынша «Қазақстан – бірлік пен татулықтың мекені», «Ынтымағы жарасқан ел», «Мейірім әлемді құтқарады» атты тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар өткізілген.

Әділдік және жауапкершілік «Ынтымақ, Бірлік, Келісім – ең басты байлық ел үшін», «Біздің қоғамдағы әділеттілік тақырыбында сынып сағаттары өткізілген.

Заң және тәртіп құндылығы бойынша оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ, ойынға салауатты көзқарас лудоманияның алдын алу бойынша сыныптан тыс іс-шара, «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында сынып сағаттары өткізілген.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы бойынша «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» тақырыбында тәрбие сағаты, «Еңбек тәрбиесі бастап, еңбекке баулу жастан» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылған.

Жасампаздық және жаңашылдық «Startup» байқауы, «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі, «Кім жылдам» интеллектуалдық сайысы, «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы өткізілген.

Қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

«Қамқор» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптелген. Жоба аясында «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет, «Жер сағаты» экологиялық акциясы, «Түлектердің ағаш егуі» эочелленджі, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциялары ұйымдастырылған.

«Еңбегі адал – жас өрен» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтары дәріптелген. Жоба аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі, мамандықтар әлемі, «мамандықтар марафоны» конкурсы өткізілген.

«Smart BALA» - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптелген. «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы ұйымдастырылған

«Шабыт» - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарға дәріптеп, «Даналық ұстаз» челленджі, «Ұлттық мәдениет» көрмесі, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі, мектеп театры, «Ананың аялы алақаны» челленджі өткізілген.

«Ұшқыр ой алаңы» - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптелген. Тарихи оқиғалар мен атаулы күндерге орайластырылған пікірталастар, заңды сақтау, құрметтеу және міндеттерді орындау бойынша, жаман әдеттердің алдын алу бойынша, өмірлік жағдайларға байланысты пікірсайыс турнирлері өткізілген.

«Балалар кітапханасы» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру Жоба аясында балалар мен жастар арасында танымал заманауи

авторлардың кітаптарын талқылау ұйымдастырылған. «Досыңа кітап сыйла» челенджі, отбасы күніне арналған шығармашылық тапсырмалар, отбасы мүшелері арасында қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған челендж өткізілген.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруда мектеп 6 жоба аясында жұмыстары мектептің «algamektepgimnaziya» инстаграм парақшасында жарияланған.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын құру туралы 02.09.2024жылғы №9-92/3 бұйрығы мектеп директорымен бекітілген. Әр буынға сабақ кестесі, ата-аналар тізімі құрылған. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысының бір бөлігі ретінде ата-аналарға баласының уақытты басқару және оны тиімді ұйымдастыра білу, оқу және бос уақытты бірлесіп жоспарлау тәсілдері туралы кеңес берілген. «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сыныптары ұйымдастырылған.

Сынып жетекшілердің жыл бойы жүргізген тәрбие жұмыстарының мазмұны мен сапасын бағалау, құжаттарының толықтығын, оқушылармен жүргізген жұмыс тиімділігі зерделенді. Барлық сынып жетекшілер жылдық жоспарларын бекітіп, оқу-тәрбие жұмысына сай бағытта жұмыс жүргізген. Апта сайын сынып сағаттары өткізіліп отырған (тақырыптары: Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарына негізделен.).

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

№	Білім беру ұйымының атауы	барлығы	Педагогикалық еңбек өтілі				Санаты				
			3 жылға дейін	4-6 жж	7-10жж	10 жылдан жоғары	Педагог	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	Педагог шебер
1	«Алға мектеп-гимназиясы» КММ	37	3	3	5	26	5	10	10	12	

2024 – 2025 оқу жылында – 793 оқушы білім алды, 37 класс комплект.1 -11 сыныптар аралығындағы класс жетекшілер құрамы бекітілді.

№	Класс	Кабинет	Оқушы саны	Ауысым	Мұғалімнің аты-жөні	Телефон
	Даярлық А	4	22	II	Оракова Лаура Тельманқызы	87751793027
	Даярлық Ә	3	21	II	Ұзақбаева Нұрсая Тимурқызы	87054728539

	Даярлық Б	4	22	I	Смағұл Айдана Абатқызы	87054728539
1	1 «а»	3	21	I	Казбекова Қуралай Жумағалиевна	87711812386
2	1 «ә»	1	20	I	Турумбетова Багдагул Сағынбаевна	87083401646
3	1 «б»	25	21	I	Сапарғалиева Гульдаурен Лукпановна	87073306184
4	2 «а»	25	25	II	Есентаева Жанна Айдынгалиевна	87776608399
5	2 «г»	28	23	I	Ермаганбетова Жамила Кенесовна	87013169650
6	2 «д»	29	24	I	Кульжанова Марта Козыбаевна	87029113832
7	3«а»	2	19	II	Кушкеншейева Сағынай Серікбайқызы	87711055208
8	3«ә»	5	20	II	Бегалыева Гулбану Кунградбайқызы	87474629014
9	3 «д»	24	20	I	Бижанова Сәндеш Әлібекқызы	87054805332
10	3 «г»	2	20	I	Мирамбекова Айгуль Аймухановна	87751368874
11	4 «а»	1	19	II	Биханова Индира Салимжановна	87756080269
12	4 «ә»	27	18	II	Акылбекова Меруерт Кабиболлаевна	87762679860
13	4 «г»	5	20	I	Бесайдарова Гулзат Бакбергеновна	87084077973
14	4«д»	27	19	I	Байхадамова Камила Тасыгуловна	87475849174
15	5 «а»	18	22	II	Батырханова Жансая Ертайқызы	7 700218 0521
16	5 «ә»	11	21	II	Редова Фарида Сабитовна	7 771184 4863
17	5 «г»	32	19	II	Нурмагамбетова Назымгүл Муратовна	7700 952 3641
18	5 «д»	17	20	II	Жұмағалиева Мөлдір Оралбайқызы	7771 769 0343
19	6 «а»	34	22	II	Жаналина Арайлым	8771 51709 11
20	6 «ә»	10	24	II	Сағын Еркеназ	7777 167 5399
21	6 «г»	33	21	II	Сайлаубаева Қарлығаш Сатыбалдыққызы	87084958192
22	6 «д»	7	24	II	Шудабаева Сулушаш Кыдырбайқызы	87712916574
23	7 «а»	31	22	II	Апуова Арайлым Бактыгуловна	87713925632

24	7 «ә»	8	23	II	Базар Бекзат Жанболатұлы	87771590027
25	7«Г»	15	20	II	Бегім Айгерім Қобланқызы	87479976047
26	7 «Д»	6	20	II	Нұртаза Эльвира Әлібайқызы	87053819215
27	8 «а»	32	24	I	Чигимбаева Айгүл Тимуровна	8 47 893 5669
28	8«ә»	8	21	I	Унербаева Шнара Нурлановна	87752314489
29	8 «Г»	33	21	I	Алпысбаева Гүлім Алпысбаевна	87053300308
30	9 «а»	11	21	I	Уксиккалиева Айгерім Армановна	87055388898
31	9 «ә»	31	19	I	Тукенова Жансая Нурмуратовна	87771857454
32	9 «Г»	7	24	I	Бектурганова Рита Оразбаевна	87770324031
33	10 «а»	10	19	I	Сексенбаева Сағыныш Нурлыбаевна	87776602288
34	10 «ә»	34	19	I	Жубаналин Рахметулла Атажанович	87078208091
35	10 «Г»	15	18	I	Джаукен Дания Жаменовна	87473603853
36	11 «а»	6	24	I	Қаржауова Оразгүл Джумбаевна	8701 9037778
37	11 «Г»	17	19	I	Карагойшина Айгерім Жарылқасынқызы	87474201545

Алға мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жүргізілген іс-шараларының талдауы.

Қыркүйек- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айында атқарылған іс шаралар:

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына
(*Мұзафар Әлімбаев*)

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (*Абай*)

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы (*Абай*)

1 қыркүйек- «Білім күні» арналған 1 және 11 сыныптарға салтанатты жиын ұйымдастырылды. “Мектеп-мейірім мекені!” тақырыбында сынып сағаттар өткізілді.

5 қыркүйек- Қазақстан халқы тілдері күніне орай “Тіл мәртебесін – ұлықтайық” қыркүйектің Іаптасында гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері ұйымдастырды. Атқарылған жұмыстардың бейнероликтерін білім басқармасының сайттарына әлеуметтік желілерге орналастырылды. “Менің отаным-Қазақстан” тақырыбында танымдық сағат өткізілді. “Отбасы күніне” арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес “Сүйікті кітаптар” тақырыбында мектеп кітапханашылары отбасылық квест өткізді. Мақсаты: Оқушылар арасындағы татулықты, бір-бірін түсінуді және достық қарым-қатынасты орнату. “Мерейлі отбасы” тақырыбында табиғи материалдардан жасалған композициялар байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың іскерлігін, ойлау қабілетін, шеберлігін дамыту және табиғи материалдармен жұмыс істеу кезінде қол өнерімізді дәріптей келе, оларды әдемілікке, шеберлікке, ұқыптылыққа, үнемділікке, табиғатты аялауға, ұйымшылдықпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу

2024-2025 оқу жылындағы дене тәрбиесі сабағындағы қауіпсіздік ережелері Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы 26 бұйрығын негізге ала отырып, Алғамектеп-гимназиясының директоры Г.А.Есенова және мектептегі тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.А.Куандыкова оқу жылының басталуына орай мектеп оқушыларына мектеп формасы және спорттық формаға қойылатын талаптарды таныстырып, сонымен қатар дене тәрбиесі сабағы кезіндегі қауіпсіздік ережелерді, спорттық үлгідегі “Барселона”, “Арсенал”, “Реал Мадрид”, тағы да басқа киім үлгілерін сатып алу міндеттелмегенін айтып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Алға мектеп-гимназиясында 7 “Г” сынып ата-аналарымен “Уақытты ұйымдастыру және өзін-өзі басқару” тақырыбында жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыс барысында бала қауіпсіздігі, буллинг, ішкі тәртіп ережелері, т.б. тақырыптар талқыланды. Алға ауданы полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы полиция капитаны Жасакбаева Гульжан Зейнелгабиевна Алға мектеп-гимназиясының 8-11 сынып оқушыларымен кездесіп, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында дәріс өткізді. Дәріс бағдарламасы бойынша жол қауіпсіздігі, көшеде, үйде және қоғамдық орындардағы жүріс-тұрыс ережелері, мектеп оқушылары арасындағы әлімжеттік, күш көрсету, буллинг, бопсалау, лудомания немесе құмар ойындары, суицид секілді қазіргі таңда өзекті болып тұрған тақырыптар төңірегінде түсіндірілді. қауіпсіздік ережесі тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: балалардың үйде, көшеде, табиғатта күнделікті өмірде кездесетін қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Қазан айы «Тәуелсіздік және Отаншылық»

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Отанды сүйу – отбасынан басталады!

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Отаным – алтын бесігім!

1. қазан-Халықаралық қарттар күніне орай жоспарланған іс- шаралар өз уақытында ұйымдастырылып, өткізілді. 1 қазан қарттар күніне орай “Қарты бар ел- қазыналы ел” атты кездесу өткізілді.« Қарттарым аман -сау жүрсін» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. "Ардагерлерді ардақтайық" тақырыбында 8 сынып оқушылары челлендж ұйымдастырды. Қарттарымызға, олардың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне сый-құрмет көрсету мақсатында мектептің 6 сынып оқушылары зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстазбен еңбек жолы жайында сұхбат жүргізіп, аула тазалауға көмек көрсетті.

2. қазан-Преподаватели күніне орай 1-қазан күні 8-11 сынып арасында,"Мектебің алтын ұя жарқыраған,Ұстазың -бұлақ көзі сарқыраған" тақырыбында эссе байқауы өтті, "Ұстаздар, бар жақсылық сіздер үшін" тақырыбында ұстаздар мерекесіне оқушылардан құттықтау арнады. "Өз ұстазыңды құттықта!" «Даналық ұстаздан!» тақырыбында челлендж ұйымдастырды. Мектептің шетелдегі жоғары оқу орындарында оқитын түлектері

3. ұстаздарын кәсіби мерекесімен құттықтады. 11 сыныптарының ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мектептің ұстаздарының құрметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Дублер”күні өткізілді.

«Күзгі асар» атты жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

“Әлемді билеген интернет” тақырыбындағы интернет қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында 30 қазан күні мектепшілік ата-аналар жиналысында “ Ғаламтор әлеміне қауіпсіз саяхат” тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіп, жаднама таратылды. Жауапты мектеп психологы: Ө.Сарбупина.

Балаларды достарымен жағымды қарым-қатынас жасауға үйрету; өзара сыйластық, өзара түсіністік, өзара көмек қарым – қатынастарын дамыту; татулыққа, достыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында мектеп ұжымдары мен ата-аналарға арналған дәрістер кестесі жасалды. 14 қазан күні «Балалардың достығы - ата-ананың білуі маңызды» тақырыбында 8 сынып ата аналар, жасөспірімдермен кездесу ұйымдастырылып өткізілді. Кездесу барысында «Баланы мектепте дос болуға қалай үйрету керек?» тақырыбында пікіралмасу жүргізілді, кеңестер берілді.Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті.

25 қазан-Республика күніне орай Алға мектеп-гимназиясында “Балалар кітапханасы” жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылды.

Мақсаты: кітапхана қорын толықтыру, оқушыларды патриотизмге, еңбекті сүйеге, жалпыұлттық құндылықты әрбір жастың бойына сіңіруге, білімді де мәдениетті болып тәрбиеленуіне үлес қосып, жастардың кітап оқуы үшін оларды кітапханаға тарту. Алға аудандық прокуратураның ұйымдастыруымен Алға мектеп-гимназиясы мектебінің оқушыларымен ашық форматта кездесу өтті. Кездесу барысында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, зорлық зомбылықтың алдын алу, есірткіге қарсы күрес, кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары, балалар арасындағы суицид және алаяқтық мәселелері талқыланды. Жиын соңында уәкілетті органдардың қызметкерлері тыңдаушылардың сұрақтарына заң аясында жауап берді.

Қараша айы «Әділдік және Жауапкершілік»

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Тура биде туған жоқ!

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!

«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» сынып сағаттары (4 қараша) — барлық сыныптарда өткізілді, адалдық пен еңбекқорлықтық құндылықтары сөз болды. «Шабыт» жобасы: мектеп театры — шығармашылық бағытында көрініс берілді, актерлік өнер арқылы әділдік, жауапкершілік тақырыбы қозғалынды.

- 15 қараша – Ұлттық валюта күні (теңге күні):

Сынып сағаттары, ақша мен ұлттық валютаның салмағын түсіндіру арқылы азаматтық жауапкершілік пен отаншылдыққа баулу өтті. Құқықтық және әлеуметтік сауат: «Лудомания, вандализм, буллинг жауапкершілігі» тақырыбында дәріс ұйымдастырылды (15 қараша), құқықтық жауапкершілік талқыланды. Ұлттық ойындар: «Асық ойыны» түрінде физикалық тәрбие және ұлттық дәстүр арқылы жауапкершілікке шақырылды. «Алау» әскери-патриоттық сайысы — 10-11 сыныптар арасында өткізілді, отансүйгіштік пен тәртіпті ынталандыруға бағытталған. «SMARTBALA» стартап-байқауы (14 қараша; 8 сынып) – инновациялық идеялармен әділ бәсекелестікке және жауапкершілікке тәрбиеледі. «Ұшқыр ой алаңы» интеллектуалдық ойыны – логикалық қабілетін арттырып, жауапкершілікті сезінуге ықпал етті.

18–22 қараша- «Балалық шақ – зорлық, зомбылықсыз» сынып сағаты: зорлық–зомбылықты тоқтату, әлеуметтік жауапкершілік тақырыбындағы пікірталас болды.

